

Бекітін
Мектеп директоры А. Зулпыхаров

Ж. Есіркепов атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Құқықбұзушылықтың алдын алу» барысында 2022-2023 оқу жылының атқаратын іс-шара жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Сыныбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	2022-2023 оқу жылына арналған оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарын бекіту.	5-11	Қыркүйек	ДТДЖО С. Бейсебаев Сынып жетекшілер
2	Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылық пен қылмысқа жол бермеу мақсатында сынып оқушыларын бақылау, тиесілі аймаққа жалпы талдау жүргізу. Түнгі рейд	1-11	Кесте бойынша	ДТДЖО С. Бейсебаев Сынып жетекшілер
3	Себепсіз сабаққа келмеген оқушыларды анықтау және олардың ата-аналарымен тұлғалармен алдын-алу жұмыстарын жүргізу немесе оларға жауапты	1-11	Ай сайын	ДТДЖО С. Бейсебаев Психолог: Е. Сманов Сынып жетекшілер
4	«Зиянды әдеттертемеңі, ішімдіктер, наркотик» сауалнама	8-9	Қазан	Психолог: Е. Сманов
5	«Құқықтық сауаттылық заман талабы» тәрбие сағаты	1-11	Қараша	Сынып жетекшілері
6	Құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмауға бағытталған түсінік жұмыстары (плакат, бейнероликтер, дәріс сабақтар)	5-11	Желтоқсан	Сынып жетекшілер
7	Есірткіге жол жоқ! дөңгелек үстел	7-11	Қаңтар	Құқық пән мұғалімі: М. Жұмабаева Тәлімгер: Н. Исабайұлы
8	Ғасыр дерті» сурет байқауы	1-4	Ақпан	Тәлімгер: Н. Исабайұлы Сынып жетекшілер
9	«Қылмыс жасауға не итермелейді?» оқушылардан сауалнама алу	5-11	Наурыз	Психолог: Е. Сманов
10	«Сен өз құқығыңды білесің бе?» сыныптан тыс іс-шара	5-11	Сәуір	Ұйдастырушы педагог: Н. Исабайұлы Тәлімгер: Н. Исабайұлы Сынып жетекшілер
11	2022-2023 оқу жылына арналған оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралардың өткізілген дігі туралы анықтама		Мамыр	ДТДЖО С. Бейсебаев

Кестені түзген ДТДЖО:  С. Бейсебаев

Ж. Есіркепов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша есебі
2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылына арналған оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кәмелетке толмағандармен мақсатты профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың және алкоголизмнің алдын алу мақсатында оқу жыл ішінде тиісті тақырып бойынша сынып сағаттары мен әңгімелесулер, құқық сабақтарында құқықтық нормаларды зерделеу, темекі шегуді, нашакорлықтың және алкоголизмнің зияны туралы алдын алу әңгімелерін өткізу, жол көлік бұзушылықтарының алдын алу, өрт қауіпсіздігі, жол сауаттылығы бойынша стендтер рәсімдеу, темекі шегудің, маскүнемдіктің, нашакорлықтың зияны туралы шығармашылық жұмыстар конкурстары өткізілді. Оқушылармен жұмыс балалардың бойында азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сана-сезімді, рухани және мәдениет пен еңбекқорлықты, бастамашылдықты, дербестікті, төзімділікті, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу сабақтарын және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде тәртіпті нығайту мақсатында мектепте сынып жетекшілері мен оқушылардың күнделікті кезекшілігі ұйымдастырылды. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін, олардың күн тәртібін бақылау үшін мектептің ата-аналар комитеті тартылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Мектепшілік есепте тұратын оқушылар жоқ.

Кәмелетке толмағандардың жаппай болатын орындарын тексеру бойынша рейдтар кестесіне сәйкес кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта болуын бақылау бойынша рейдтер жүргізілді. «Түнгі ауылдағы балалар» және «жасөспірім» операциялары жүргізілді, оның барысында 22.00 сағаттан кейін кәмелетке толмаған оқушылардың көшеде болу фактілері тіркелмеген. Кәмелетке толмағандарға темекі және алкоголь өнімдерін сату жағдайлары анықталған жоқ.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес келесі іс-шара:

«Мектепте өзін-өзі ұстау ережесін білесің бе?», «Теріс қылық, құқықбұзушылық, қылмыс», « тентектілік деген не?», «Тәртіп - біздің сенімді достарымыз», «Жасөспірім және құқықбұзушылық», «Біз өз іс-әрекетімізге жауаптымыз», «Құқық бұзушылықтың түрлері» және т.б. тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді.

Кездесу мақсаты – оқушыларды полиция жұмыстарымен таныстыру, сонымен қатар оларды қоғамдық орындарда және жолдарда жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. Оқушылар ҚР «Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі туралы» Әкімшілік Кодексінің үзінділерімен таныстырылды. Әңгіме тақырыптары: заңдылықты сақтау, бөтен мүлікті ұрлаудың алдын алу, қоғамдық орындарда және бұқаралық іс-шараларда тәртіп сақтау, көшеде және көлікте тәртіп сақтау, темекі шегудің, ішімдік пайдаланудың алдын алу және кәмелетке толмағандардың спирттік ішімдіктерді пайдалану және есірткіні қолданбау отбасылық тәртіп.

Жоғары сынып оқушыларымен «Алкоголь, темекі шегу, есірткі немесе өмір» балаларға есірткі заттарының зияны туралы бейнеролик көрсетілді.

8-9 сынып оқушылары арасында «Құқық сауаттылық заман талабы» тәрбие сағаты өтілді. Сабақ балаларды салауатты және белсенді өмір салтын баулуға, дене тәрбиесіне деген қызығушылықты арттыруға, ұжымшылдық, серіктестік сенімдерін тәрбиелеуге, өзара көмек көрсетуге бағытталған. «Есірткіге жол жоқ!» дөнгелек үстелі әрі дәріс сабақтар, сурет байқаулар өтті.

5-9 сынып оқушыларының денсаулығын және өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағдарламасы туралы онлайн тестілеу, снымен қатар кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу.

1-9 сынып оқушылар арасында «Сен өз құқығыңды білесің бе?» сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Алдын алудың маңызды факторларының бірі оқушылардың бос уақытында жұмыспен қамтылуы болып табылады, сондықтан мектепте «Салауатты өмір салтын» насихаттауға және жасөспірімдерді үйірмелер мен секцияларға тартуға, үйірмелер мен секцияларға 100 % балалардың жұмыспен қамтылуына көп көңіл бөлінеді.

ДТІЖО:  С. Бейсебаев